

**Әйтеке би ауданы «Талдысай жалпы орта білім беретін мектебі»КММ-нің  
қамқоршылық кеңесі отырысының кезектен тыс №5 хаттамасы**

Талдысай ауылы

31.08.2023ж

Қатысқаны

Кеңес мүшелері- 9 адам

Шақырылған-1 , мектеп директоры Биртаева С.Б

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Талдысай жалпы орта білім беретін мектебінің өзін –өзі бағалау қорытындындысы туралы есеп беру .

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1.Биртаева С.Б.- мектеп директоры,комиссия төрайымы

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 15.11.2022 жылғы 15 қарашасындағы №17-12-04-6/1794 шығыс хаты бойынша «Талдысай ЖОББМ» КММ- сі 2023 жылы мемлекеттік аттестаттаудан өтетінін , мектептің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру 2 маусым мен 31 тамыз аралығында өткізілгенін айтты.

Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығы , ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" №473 бұйрығы, ҚР Оқу –ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұстанымдарды бекіту туралы» әдістемелік ұсынымы басшылыққа алынғанын айтты.

Құрылған комиссия мүшелерінің құрамы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығының талаптарының сәйкес тәрбие жұмысын іске асыру, сабақтан тыс іс-әрекеттің әр түрлі нысандарын ұйымдастыру, бейінді оқытуды іске асыру, ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру өлшемшарттары бойынша атқарылған жұмыстардың қорытынды есебін берді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын» , «Мектепке дейінгі тәрбие оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыру» бағалау өлшемшарттарының нақты бағыттары негізінде МАД топтарында 9 өлшемшарт бойынша,1-11-сыныптарда 19 өлшемшарт бойынша жұмыстар зерделеніп , өзін-өзі бағалау жүргізілгенін мәлім етті.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының іске асырылуы;
2. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптары;
3. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс іс-әрекеттің әр түрлі нысандарын ұйымдастырылуы мен оқу мерзіміне қойылатын талаптары;

Өлшемшарттар талаптарына сәйкес 3 жылдық мектептің оқу-тәрбие процесінің жұмыс жоспарлары, оқу жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері, ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты сәйкестігі зерделенді. Зерделеу барысында оқыту нәтижелерін анықтау үшін 4,9-кластардан онлайн форматта тест алынғандығын айтты. Қорытындысы бойынша 4 класс-74 пайыз, 9-класс-67 пайыз.

Kundelik.kz электронды журналында пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, міндетті оқу курстары «Өмір қауіпсіздігінің негіздері», «Жолда жүру ережелері», қалыптастырушы және жиынтық бағалауларының жүргізілуі, жылдық бағалардың шығарылуы зерделенгенін айтты.

Бағалау өлшемшарттарында берілген сандық және сапалық көрсеткіштерді бағаланатын кезең үшін 7,8,9,10,11,12 қосымшаларда білім беру ұйымы қызметінің нәтижелері бағаланды. “Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай екенін мәлім етті.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру бойынша зерделеу барысында 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының мерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылғанын айтты.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 7-тармақшасында көрсетілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімінің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін білім беретін қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының деңгейіне сәйкес «жақсы» деп бағаланғанын мәлім етті.

Сөйлегендер:

Утегенова А.Т-кеңес төрайымы

Талдысай жалпы орта білім беретін мектебінің өзін-өзі бағалау қорытындысы туралы мектеп директоры С.Б.Биртаеваның есебін тыңдай отырып, өзін-өзі бағалау нәтижесінің жақсы деңгейде көрсеткеніне оң көзқарасын білдірді. Мектептің оқу-тәрбие

жұмысын ұйымдастырудағы жұмыстарының жүйелі жүргізілетінін, педагогтер мен оқушылардың әр түрлі сала бойынша жетістіктерге жетіп жүргенін айтты. Оқушылардың білім сапасының нәтижесін мектеп түлектерінің білім сапасынан айқын көруге болатынын айтты. Биылғы оқу жылының қорытындысында 2 түлек «Алтын белгі», 3 түлек «Үздік аттестат» иегері болып бітіргенін, 9 түлектің грант иегері атануы мектептің сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі жұмысының нәтижесі деп оң бағасын берді.

Жуламанов Б.А-кеңес мүшесі

Мектеп директорының қорытынды есебін қанағаттанарлық деп бағалап, өз сөзінде мектеп әкімшілігінің, ұжымның білім мен тәрбие берудегі жұмыстарының жүйелі жүргізілетінін, сонымен қатар оқушының сапалы білім алуына мектеп базасының, материалдық жағдайының қалыпты екенін айтты. Кабинеттер заман ағымына сай жабдықталған, акт зал, спорт зал, кітапхана, технология, информатика кабинеттері оқушылар үшін толықтай қамтамасыз етілгенін айтты. Оқушылардың да білімге, спортқа деген қызығушылықтары жоғары екені байқалатынын, жарыстардың жүлдегерлері атанып жүргенін, бұл туралы әрбір жиналыстарда, мектептің әлеуметтік парақшасынан бақылап отыратынын айтты.

#### ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Талдысай жалпы орта білім беретін мектебінің өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша мектеп директорының берген есебі «жақсы» деп есептелінсін.

Кеңес төрайымы: *Утегенова* Утегенова А.Т

Хатшы: *Мукашева* Мукашева К.С

Кеңес мүшелері:

*Сарсенова*

Сарсенова Р.А

*Жулдубаева*

Жулдубаева Н.А

*Шынбергенова*

Шынбергенова К.К

*Толтаев*

Толтаев Ж

*Баймаханова*

Баймаханова Б.С

*Сарбасов*

Сарбасов А.Ш

*Темірбекұлы*

Темірбекұлы Ә

*Жуламанов*

Жуламанов Б.А